

Алматы қаласы Алматы хайуанаттар бағының ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс LXX сессиясының 2020 жылғы 30 қазандағы № 498 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 қарашада № 1660 болып тіркелді. Күші жойылды - VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXXI сессиясының 2025 жылғы 9 шілдедегі № 222 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - VIII сайланған Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс XXXI сессиясының 09.07.2025 № 222 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 591-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 10-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы қаласы Алматы хайуанаттар бағының ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Алматы қаласы Мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Б.Н. Садықовқа және Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Е.Т. Қожағапановқа жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының
кезектен тыс LXX сессиясының төрағасы

В. Банициков

VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы

К. Казанбаев

Алматы қаласы

Алматы қаласы Алматы хайуанаттар бағының ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

р/с №	Пайдалану түрінің атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік үшін төлемақы мөлшерлемесі, тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш, теңгемен
1.	Ғылыми мақсаттарда	адам-күн	0,1
2.	Экологиялық-ағарту мақсаттарында	адам-күн	0,1
3.	Мәдени-ағарту мақсаттарында	адам-күн	0,01
4.	Оқыту мақсаттарында	адам-күн	0,01
5.	Туристік мақсаттарда	адам-күн	0,01
6.	Рекреациялық мақсаттарда	адам-күн	0,1